

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ

Ж.Н. ЖАҚСЫКЕЛДИНОВ,

Мемлекет тарихы институты,

кіші ғылыми қызметкер,

тарих магистрі

Астана қ., Қазақстан

Баршаға белгілі ақиқат кешегі Кеңес заманында ұзақ жылдар бойы КСРО және Қазақстан тарихына байланысты ғылыми-зерттеулерде маңызды оқиғалардың шындығы бүркемеленіп, бұрынғы үстем идеологияның арнасында жазылып келген болатын. Солардың бірі – Ұлы Отан соғысы тақырыбы болды. Соғыс тарихы кеңестік мемлекеттік жүйедегі идеологияның аясына, талаптарына бағындырылып, біркелкі жағымды жақтарынан ғана баяндалды. Қатаң идеологиялық бақылау жағдайында зерттеушілер соғыс тарихының көлеңке жақтарын ашып көрсете алмады. Осының салдарынан шынайы тарихтың біршама беттері көпшілік назарынан тыс қалып отырды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарих беттерін қайта саралап зерттеу батыл қолға алынып, соғыс тарихы егемен ел талабына орай зерттеліп, бұрмаланып келген және ақиқаты ашылмаған мәселелер қайта қаралып, оған дерек көздерімен дәлелденген объективті бағасы беріле бастады.

Тәуелсіз еліміздің ақиқатын танып, елі мен жері үшін, елінің намысы үшін күрескен аға ұрпақ өкілдерінің өмірі мен қызметін зерттеу – қазіргі таңда аса өзекті болып отырған мәселелердің бірі. Кез келген мемлекеттің рухани негізі – халықтық патриотизм. Осы орайда ақтандағы көп Кеңес дәуірінің Ұлы Отан соғысы жылдарында тек Қазақстан ғана емес, бүкіл одаққа белгілі болған көптеген қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметі әлі де толық зерттелмей келеді. Бұған себеп, кеңестік дәуірде ерлік жасаған кейбір

қайраткерлердің есімдері тоталитарлық жүйенің арнайы жүргізілген шараларының негізінде жасанды түрде төмендетіліп, кейінгі орынға ығыстырылды, тіпті әдейі ұмыттырылды. Болашағымыз өскелең ұрпақты ұлттық сана-сезім, патриотизм рухында тәрбиелеу туралы айтқанда, нақ осы мәселенің алтын арқауы – халқымыздың талай сын сәттерде суырылып шыққан көсемдерін айтпау мүмкін емес. Солардың бірі – Рақымжан Қошқарбаев. Ұлы Отан соғысы кезінде ерлік көрсетіп, жеңіс жалауын Рейхстагқа алғаш тіккендердің бірі болды. Бірақ Кеңес Одағы кезінде ерлігі лайықты бағасын ала алмады. Академик Манаш Қозыбаевтың «Кеңес тарихының ең сүбелі бөлігі Ұлы Отан соғысының тарихы зерттеліп келеді. Алайда әлі де шешуін күтіп тұрған проблемалар баршылық» деуі [1], Р.Қошқарбаевқа қатысты айтылғандай, себебі Р.Қошқарбаевқа қатысты кейбір мәселелерді қайта қарауды, бағалауды талап етеді.

Қазақстан тарихнамасында тарихтағы жеке адамның ролін зерттеу дәстүрі кенже қалған. Тек соңғы жылдары ғана жекелеген тұлғалардың өмір жолындағы қасиетті де қасіретті қызметін арнайы зерттеу қолға алынып, бүгінгі тарих пен уақыт сұранысын қанағаттандыру бағытында бірсыпыра игілікті істер тындырылды. Көптеген тарихи тұлғалар, асыл азаматтар тарихтағы өз бағаларын алып, бүгінде арамызға қайта оралғандай болды. Өз кезегінде Р.Қошқарбаевтың да қызметі, өмірінің сан-қилы жақтарын ашудың ғылыми-теориялық қана емес, практикалық маңызы бар екендігінде түсінеміз. Өйткені тарихтағы жеке тұлғаның өмірімен, қызметімен танысу, оның халқына сіңірген адал еңбегіне, ерлігіне объективті баға беріп, тәлім алу. Оның үстіне қазіргі таңдағы ұлттық сананың қайта жаңғырған тұсында төл тарихымыздың жаңа мазмұн, соны сипат алуына кең жол алып, мол мүмкіндіктер беріліп жатқан мезгілде ғана ұзақ уақыт бойы бұрмаланып, біржақты қаралып, ақиқаты айтылмаған тарихи құбылыстарды қайта ой елегінен өткізіп, шынайы бағасын беруге талпыныс күшейе түсті. Сондықтан Р.Қошқарбаевтың өмірі, қызметі және ерлігіне жаңа көзқарастар, біздің ойымызша, күрделі зерттеудің тоғысында тұрған тақырып болып

табылады. Сонымен бұлардың барлығы Р.Қошқарбаевтың ерлігіне арналған тақырыптың өзекті екендігін аңғартса керек.

Ұлы Отан соғысында қанды қасап майданда қазақ халқының абыройын асқақтатып, тарихқа алтын әріптермен жаздырған батырларымыз баршылық. Халқы үшін қасықтай қанын, елі үшін шыбындай жанын берген батырлары қаншама. Солардың бірі, әрі бірегейі – Ұлы Отан соғысы кезінде Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс туын тіккен Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, аты аңызға айналған халық батыры Рақымжан Қошқарбаев. Рақымжан Қошқарбаевты әскери міндетін атқарғаннан кейін 1944 жылы қазан айында Варшава қаласына аттандырады. Ол көптеген жауынгерлермен бірге фашистерге соққы беретін 3-ші армияның 79-шы атқыштар корпусына қарайтын 150-ші Идрицк дивизиясына тың күш ретінде жіберілген болатын. Дивизия ІІ дәрежелі Кутузов орденді иеленген ерлік тарихы бар. Осы дивизияның құрамындағы 674-ші полктің бірінші батальонында Р.Қошқарбаев взвод командирі болды.

Табаны күректей төрт жыл бойы ғаламат күш-қайрат көрсеткен және сұрапыл шығындарға ұшыраған біздің еліміз фашистік Германияның қуатты әскери машинасын тас-талқан етті. Төрт жыл бойы соғыс қырғыны Отан қорғаушылардың қатарын селдіреткені, ал мұның өзі қалалармен ауыл-селоларға «қаралы қағаз» болып жетіп, жесірлердің көз жасына айналып жатқаны да кешегі ақиқат. Төрт жыл бойы өз басының қамын ойламаған тылдағы еңбеккерлер майданға әскери өнімдерді эшелондап жіберіп жатты. «Біз фашизмнің омыртқасын опырамыз!» – деп ант берді жауынгерлер 41-ші жылы. «Фашистік жыртқыштарды өз інінде құртамыз!» – деді олар 45-ші жылы. Сөйтіп олар өз сертінен шықты.

1945 жылдың 29 сәуірінде Кеңес әскері, соның ішінде Р.Қошқарбаевтың взводы да бар, картада белгіленген Мольтке көпірінен өтіп, Швейцария елшілік үйінде түнге дейін ұрыс жүргізді. Осы елшілік үйін алуға 674-ші полктен В.Давыдовтың бірінші батальоны ғана қатысты. Таң ата осы елшілік үйін фашистерден толық тазартқаннан кейін

Р.Қошқарбаевтың взводы таңғы жетіге дейін демалып алды да, «Гиммлер үйіне» шабуылдарын бастады. Гиммлер үйі тұтас бір кварталды алып жатқан он алты қабатты үлкен үй. Фашистер оның терезелерін кірпішпен қалап, амбразура жасап алған. Түске дейін Гиммлер үйінің тек екінші қабаты ғана алынды. Әрбір қабат, әрбір бөлме үшін ұрыс жүргізілді. Осы Гиммлер үйі үшін Р.Қошқарбаев взводы көптеген ер-жүрек батырларынан айырылды. «Гиммлер үйіне» бірінші болып кірген Р.Қошқарбаевтың взводы туралы «Правда» газетінің әскери тілшісі Мартын Мержанов 29 сәуір күнгі шайқас туралы былай дейді:

«Корпус штабында маған күні бойы Қошқарбаевтың взводы ғимаратқа басып кірген сәттен бастап «Гиммлер үйі» үшін ұрыс жүргізгенін айтты. Енді жаңадан – қаншама рет десеңізші – олардың сипаты да өзгерді: отрядтың, ротаның, взводтың маневрлері кеше ғана Маобит ауданында болған жай көшелер мен тұйық көшелердің арасында емес, тек үлкен бір үйдің ішінде ғана болып жатты. Мұнда тұтқиылдан операция жасау онша келте емес (мен кейін көргенімдей) дәліздер, залдар, кабинеттер, басқыштар, шатырлар, подвалдарда ғана жүргізілді. Бұл ғимарат үшін екі полк шайқасты, бірақ табыс сәтсіздікпен алмасып отырды, айқас ылғи күшеюмен болды, қабаттар мен бөлмелер қолдан-қолға көшті. Гитлершілер сазайын тартудан құтылуға тырысты, бірақ оларды пулеметтер мен автоматтардың оғы құтқармады. Кешке қарай С.Неустроев пен В.Давыдовтың батальондары ғимараттың үлкен бөлігін басып алды. К.Самсонов батальонының бөлімшелері сол түстік-шығыс бөлікті және бірінші қабаттан бірнеше бөлмені басып алды. Бірақ ұрыстар әлі де жүріп жатыр» деп [2], Мартын Мержанов «Бұл осылай болған» деп аталатын соғыстан кейін жазған еңбегінде айтып өтеді.

«Гиммлер үйінде» орналасқан фашистер тегеурінді қарсылық көрсетті. Әр жерден жиі-жиі өрт шығып тұрды. Бұл фашистердің Кеңес әскерлеріне қарсы қолданған айласы еді. Кеңес әскерлері босаған қабаттардың барлық есіктерін ашып тастап, көше жақ бетіндегі терезелерге қаланған кірпіштерді ұрып түсіріп жатты. Кеш батқанға дейін

созылған шайқас тіпті қиындап кетті. Фашистер қараңғылықты пайдаланып, қарсы шабуылға шығып отырды. Үйдің төртінші қабаты үш рет қолдан-қолға көшті. Кеңес әскерлері «Гиммлер үйінің» алты қабатты екенін білгендерімен, ішіндегі бөлмелерді, қабаттан-қабатқа көтерілетін есігі қанша және қай жағында екені беймәлім еді. Осылардың бәрі ұрыс кезінде қиындық туғызды. Себебі, фашистер бір есіктен төмен түсіп, екіншісінен көтеріліп, Р.Қошқарбаевтың взводының жауынгерлерін ту сырттарынан шабуылдап, шығынға ұшыратты. «Гиммлер үйі» үшін ұрыс түнімен толастамай, 30 сәуір күні таң ата ғана алынды.

«Гиммлер үйі» фашистерден тазарту шабуылына 674-ші полктің В.Давыдовтың бірінші батальоны ғана қатысты. Ал бірінші болып осы батальоннан «Гиммлер үйіне» кірген Р.Қошқарбаевтың взводы еді.

1945 жылдың 30 сәуірі күні таңға дейін «Гиммлер үйі» үшін жүргізілген соғыстан сәл демалып, қалғып кеткен Р.Қошқарбаевты батальон парторгі аға лейтенант Кәкімжан Исаков жұлқи оятты. Р.Қошқарбаевқа төменгі қабатта (батальон штабы орналасқан) парткомиссияның адамдары партия мүшесіне алынғандарға билет беріп жатқандарын хабарлады. Осы сәтті генерал-полковник В.М. Шатилов та атап өтеді: «Гиммлер үйінің» астыңғы қабаттарының бірінде партия комиссиясының мәжілісі болып өтті. Онда взвод командирі, комсомол мүшесі, 1924 жылы туған қазақ жігіті лейтенант Рақымжан Қошқарбаев партия қатарына қабылданды. Ол өзінің өтінішінде: «Рейхстагты коммунист ретінде шабуылдағым келеді», – деп жазыпты» [3].

Осы салтанатты сәттен кейін таңға дейін алған «Гиммлер үйі» аралап жүрген Р.Қошқарбаевты батальон командирі В.Давыдов шақырып жатқанын Рахматуллин деген жауынгер хабарлады. Р.Қошқарбаев бұйрықты естігеннен кейін, оны орындауға дайын екендігін жеткізді. Ал уақытша взвод командирі Р.Қошқарбаевтың ұсынысы бойынша Николай Гончаров тағайындалды.

Екі жақтан да снарядтар, оқтар атылып жатыр. Қауіп екі жақтан да күшейді. Байқаусызда Кеңес әскерлерінің де снарядынан жаралануы әбден мүмкін еді. Сол себепті Р.Қошқарбаев Г.Булатовпен бірге

суға толы шұңқырға тығылды. Судың суығынан екеуі де тона бастады. Р.Қошқарбаев бір амалын табуға бар ойын салуда. Сонымен қатар өмір мен өлім арасында ойына анасынан бастап, өмірінде жолыққан барлық жылы жандарды есіне ала бастады:

«Менің шекем зырқылдап ауырып отыр, тегі, көп ойлағанның әсері тисе керек. Мұндай қиын жағдайда бастан кешкеннің бәрі еске түседі екен. Есім кіріп, етек жапқаннан бергі өмірімде көрген-білгенімнің бәрі көш керуеніндей көз алдымнан тізбектеліп өтіп жатыр. Тайтөбе балалар үйі... Фрунзе училищесі... Отан үшін шәйт болған майдандас жолдастарыңды ойлап, солардың бейнелерін көз алдыңа елестету бәрінен де қиын екен» [4].

Фашистердің оғына қарсы Кеңес әскерлері де қарсы снарядтар атып жатыр. Қарсы шабуылға шыққан жауынгерлерді фашистер оқпен атқылай бастады. Біразының құлап түскенін Р.Қошқарбаев өз көзімен көрді. Ал кейінгі жылдары шыққан статистика бойынша Берлин шайқасында қаза тапқандардың саны... Осындай шығындар Жеңісті алып берді. Әрбір жауынгер өздерін құрбан ете отырып, соғысты. Олардың ішінде әскери оқуды оқып, қатарға енді қосылғандары бар, соғыстың басталған уақытынан күресіп жүріп, дәл Берлинге жеткенде қайтыс болғандары да, жасы да, кәрісі де бар еді.

«Осы жолы қанша адам мерт болды екен» деген оймен Р.Қошқарбаев туға өзінің және жауынгерінің есімін жазып қойды. Жазудағы ойын: «алда-жалда өліп қалсақ, кейінгі жауынгерлеріміз білсін дегенім ғой» [5], – деп Григорий Булатовқа жауап бергенінен білеміз.

Атыс саябырлап, көк түтін болған кезде, Р.Қошқарбаев пен Г.Булатов Рейхстагқа қарай жүгіріп, алдыңғы есікке жетті. Рейхстагтың табалдырығын аттар сәтінде Р.Қошқарбаев аяғынан (дәлірек айтсақ, санынан) оқ тиіп, жараланды. Бірақ жараланғанына қарамай, Жеңіс туын екінші қабаттың терезесінің астына орнатты. Жеңіс туы неғұрлым биігірек жерге бекіту керек болатын. Сырт жағын ағашпен айқыш-ұйқыш шегелеп тастаған үлкен есік, тас бағаналар мен мәрмәр діңгектер, кірпіштен, іші әлденеге толы қаптармен кептеліп, бітеліп тасталған үл-

кен терезелерден биік жерге ілу мүмкін емес еді. Екінші қабатқа таяу астыңғы терезесінің бір-екі кірпішін снаряд жұлып түсіргендіктен, Жеңіс туын сол жерге орнатуға тура келді. Р.Қошқарбаев Г.Булатовты көтеріп (иығына шығады), туды бекітуін бұйырады. Ту бекіген сәтте жел тұрып, ту толқындалып, желбірей түсті. Бұл Жеңіс туы еді. 1418 күнге созылған соғыстың 1410 күні орнаған туы еді. Жеңістің нышаны еді.

Ерлік оңайлықпен жасалмайды. Кездескен қиыншылыққа төзе отырып, кедергілерді жеңе отырып келетін, ащы тердің жемісі. Ерлік жасағанда әрбір адамда қорқыныш сезімі пайда болады. Осы сезімді намыс, абырой, жауапкершілік қана жеңе алады. Пенде болғандықтан, осы сезімдер Р.Қошқарбаевтың бойында да болды. Бірақ бұғып, тығылып жатпай, артқан сенімді ақтап, алған бұйрықты екі етпей орындап шықты. Қорқыныштың болғанын Р.Қошқарбаев та мойындайды: «Егер біз «ойымызға ештеңе кіріп шыққан жоқ, өлімнен қорыққанымыз жоқ» – десек, оған кім иланар! Міне, міне, өліп кетеміз-ау, қаңғыған бір снарядтың тобықтай жарықшасы тиеді-ау енді деп әр сәт ойлағанымыз шын ғой. Жаңағы бір сәтте ең соңғы жүз метрдей жерді құйын қуған қанбақтай домалай жүгіріп өткенде де, енді-енді бір оқ қуып жетіп, кадала түсер де, қыршындай өмірді қырқып кетер-ау деген қауіпті ой бір сәт мидан шықты ма екен? Жоқ, шыққан жоқ! Рейхстагқа жете бере тиді емес пе, бір оқ қара санға. Ал ол жанды жерге де тиюі мүмкін еді ғой. Қайран тіршілік, неткен қымбат едің!» [6].

Г.Булатов та өзінің сезімін: «Енді біз өлмейміз. Онсыз да мына үш жүз метр жерден өтіп, Рейхстагқа жеткенше (екеуіміз, яғни Р.Қошқарбаевты айтып отыр) жүз рет өліп, жүз реет тірілдік емес пе!» – деп жеткізді. Г.Булатовтың сөзі рас еді, 300 метрді 7 сағат бойы (сағат күндізгі 11-ден кешкі 6-ға дейін) жер бауырлап жеткенше дейін сан өліп, сан тірілді.

Аман-есен Рейхстагқа жеткен кезі туралы Р.Қошқарбаев: «Аман-есен жеттік пе, жетпедік пе дегендей екеуіміз бір-бірімізге күле қарай береміз. Бірақ, екеуіміздің де көзімізде жас. Денемізде бір түрлі діріл бар. Бұл шамасы толқу, қуаныш сезімі болар» [7] – деген. Нағыз тебі-

рендер сәт Туды тігу сәті еді. Ту 30 сәуірдің сағат кешкі 18.30-да ілінген еді.

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағының халықтары, соның ішінде қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. Әйгілі қолбасшы, соғыс батыры Бауыржан Момышұлы «Соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген, миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпесіз, жазылмас жара қалдырды» дей отырып, ол «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» тек біздің замандастарымыз ғана емес, адамгершілік, игілік сезімдер тұрғысынан болашақты да толғандыратын тақырып» деп өз ойын жалғастырады.

Бұл тақырып халық өмірімен, тағдырымен тығыз байланысымен, тереңдігімен ерекшеленетін болғандықтан, бүгінгі тарихтың да, болашақтың да күн тәртібінен ешкім де алып тастай алмайтын, ешқандай оқиғалар мен күтпеген жағдайлар әсерін тигізе алмайтын тақырыпқа жатады. Соғыс аяқталғаннан бері арада көп уақыт өтсе де, тақырып қазіргі замандастарымыздың жадында жаңғыртып, сезімдерін толқытады.

Ұлы Отан соғысы – қасіретті соғыстардың бірі. Бұл соғыс Кеңес Одағының 1710 қаласын, 70 мыңнан астам селосы мен деревнясын өртеді. Ауыл шаруашылығында егістік жерлер 36,8 млн. га-ға қысқарды. Елдің онсыз да нашар техникалық жабдықталуы күрт төмендеп кетті. Кеңес Одағы ұлттық байлықтың 30%-нан айырылды. Ал ең баға жетпес байлық адам шығыны көп болды. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан мемлекеттер халқының тікелей және жанама шығыны 50 млн-ға жуық адам болды.

Ал Кеңес өкіметі кезінде жоғары жақтан жиналған мәліметтер бойынша қаза болған адамдардың саны үнемі төмендетіліп берілді. Кезінде И.Сталин 7 млн. адам қаза болды десе, Н.Хрущев 20 млн. деген санды жариялаған. Жариялылық кезінде КСРО Қорғаныс министрлігі 28 млн. адамның қаза болғанын жария еткен. Шетелдік зерттеуші М.Хайнес соғыстағы КСРО жалпы жоғалтқан адам саны 42,7 млн. деп санайды. Бірқатар Ресей ғалымдары 30 млн-нан астам деген мәліметті келтіреді. Бұл соғыста Қазақстан 400 000 (төрт жүз мың) адам жоғалтты деп сана-

лады. Бұл да өте төмендетілген ақпараттық сан. Статистикалық комитеттер соғыста қаза болғандардың нақты санын есептеуді қолға алуда. Мысалы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Ғ. Аяған: «майданға кеткендердің санына 1939, 1940, 1941 жылдары Кеңестік Армияға алынғандар кірмеген. Соғысқа дейінгі әскерге шақырылғандар соғысты әскер қатарында қарсы алды. Сонымен бірге сол кездегі есепке алудың кемшіліктерін ескеру қажеттігі бар» деген ойда [8].

«Ерлік елеусіз қалмауы тиіс. Халқымыздың ерлігі – дүниедегі елеулі ерлік, ерліктің шыңы» деп Б.Момышұлы текке айтпаса керек, Р.Қошқарбаевтың ерлігінің еленбегеніне қатты қапаланып, көптеген басшыларға (Қазақ КСР-нің Бірінші хатшыларына Ж.Шаяхметов, Д.А. Қонаев мырзаларға) хат жазып, Кеңес Одағының Батыры атағын беруді өтінеді. Р.Қошқарбаевтың ерлігінің соғыстан кейінгі жылдары зерттелуі Б.Момышұлының тікелей араласуымен жүзеге асты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Заман асуы). 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1998. 344 б.
2. Мержанов М. Бұл осылай болған. Алматы: Қазақстан, 1977. 134 б.
3. Сонда. 245-246 бб.
4. Қошқарбаев Р. Жеңіс жалауы. Рақымжан Қошқарбаевтың Ұлы Отан соғысы жайлы естелігі. Алматы: Жалын, 1978. 168 б.
5. Аупбаев Ж. Халық ала алмаған қамал. Егемен Қазақстан. №1(21987), 1 қаңтар, 1999 жыл, 5-б.
6. Аупбаев Ж., Мынбай Н. Халық алған қамал. Егемен Қазақстан. №90, 11 мамыр, 1999 жыл, 3-б.
7. Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев: Естеліктерді құрастырып, алғы сөзін жазған О.Темірханов. Алматы: Жібек жолы, 2005 жыл, 216 б.
8. Алпыс екі жылдан кейін аяқталған ақиқат. Алтын Орда. 11–17 мамыр, 2007 ж., 1-2-5 б.